

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(129)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. (Турция)
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Турысбек Рахимжан	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500
(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Азкенова Ж., Оразаева Қ.</i> Н. Гогольдің «Ескілікті помещиктер» повесіндегі Данте архетипі және апостасиясы	8-15
<i>Байділдаева Н., Негимов С.</i> Жетес би тағылымы	16-23
<i>Байтанасова Қ.</i> Мәтін теориясының кейбір мәселелері	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы жаңа ізденістер	32-38
<i>Жапанова М., Нұрманова Ж.</i> Асанәлі Әшімовтің «Арылу прозасы»: жанрлық әртектілігі	39-46
<i>Қалиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Герольд Бельгердің шығармашылық даралығының қалыптасуы	47-52
<i>Қожашев М.</i> Жамбылдың жыршылық өнері: қалыптасуы мен ерекшелігі	53-60
<i>Мәжіева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Қазақ эпостарында полигамиялық некенің көркем бейнеленуі	61-66
<i>Найманбай А.</i> Заман шындығы: ақиқат пен көркемдік шешім сабақтастығы ...	67-72
<i>Салиқжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Қазіргі қазақ жастар поэзиясындағы қоғам бейнесі	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Жыршы-жыраулар мектептерінің зерттелуі	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мәдібаева Қ., Юсуп А.</i> Ы.Алтынсариннің «Шариат-ул ислам» еңбегіндегі мұсылман ағартушылығы	87-92

Лингвистика және әдістеме

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентті есімдер: фольклордың ықпалы және әлем мәдени кеңістігіндегі орны (неміс тілі материалы негізінде)	93-98
<i>Біжкенова А., Сәбитова Л.</i> Құрылымдық бөлімшенің ғылыми қызметі - университеттің даму компоненттерін зерттеудің маңызды бағытының бірі ретінде	99-107
<i>Досжан Г.</i> Кірме сөз мәселелерін зерттеудегі интегративтік тәсілдер	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> «Тағам» атауы: лексика-семантикалық аядағы мәдени-таңба бірліктері	119-124
<i>Жұмағұлова А., Сыздықова Г.</i> Лингвэкология және медиакөңістік	125-132
<i>Жұмаханова А., Біжкенова А.</i> Бағалау - қарым-қатынастың сөйлеу актісі	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – тіл теориясы мен танымды байланыстырушы бірлік	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Атаулы грамматикалық категориялардың имплициттілігі	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Лингвофилософиялық дәстүр сабақтастығы: әл-Фарабиден В. фон Гумбольдке дейін	159-166
<i>Өтебалиева Г., Қасқабасова Х.</i> Коммуникативтік құзіреттілік - шет тілін оқыту үдерісін зерттеу аспектісі	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Рождестволық құттықтауларды талдау ерекшелігі - саяси дискурсы элементі	177-184

Әдеби шолу

<i>Қайыржанов А.</i> Шәкәрім. Шынайы ізгілікті іздеу	185-189
--	---------

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Azkenova Zh., Urazayeva K.</i> Dante's archetype and apostasy in the novel of «Old World Landowners» by N. Gogol	8-15
<i>Beydildaeva N., Negimov S.</i> Jetes Biy's Edification	16-23
<i>Baitanasova K.</i> On Some Issues of Text Theory	24-31
<i>Yessenova A., Orazbek M.</i> The latest research related to the poetry of Galym Zhaylybay	32-38
<i>Zhapanova M., Nurmanova Zh.</i> Assanali Ashimov's «Confession Prose»: Genre Diversity	39-46
<i>Kalieva A., Maukeeva A., Rysbaeva A.</i> Formation of Herold Belger's Creative Individuality	47-52
<i>Kozhashev M.</i> Zhambyl's Poetic Art: Formation and Poetry	53-60
<i>Mazhyeva N., Baltabaeva Nazim, Yussup P.</i> The Art Image of Polygam Marriage in Kazakh Epics	61-66
<i>Naimanbai A.</i> Reality of the Era: Continuity of Truth and Literary Solutions	67-72
<i>Salikzhanova Sh., Karipzhanova G.</i> The image of society in modern Kazakh poetry ...	73-79
<i>Sailauova A.</i> On Research of Zhyrshy-Zhirau Schools	80-86
<i>Seisenbiyeva E., Madibayeva K., Yussup A.</i> Muslim Enlightenment in Y. Altynsarin's Works «Shariat-ul Islam»	87-92

Linguistics and methodics

<i>Abdykhanova B., Meirambekova L.</i> Precedent Names: Influence of Folklore and Its Place in World Cultural Space (based on the German language)	93-98
<i>Bizhkenova A., Sabitova L.</i> Scientific Activity of Structural Divisions as One of the Important Components in the Development of a Research University	99-107
<i>Doszhan G.</i> Integrative Approaches to Studying Borrowed Words	108-118
<i>Yerbulatova I., Salimov T</i> Culture-Marked Units of the Lexical-Semantic Field «Food»	119-124
<i>Zhumagulova A., Syzdykova G.</i> Linguoecology and Media Space	125-132
<i>Zhumakhanova A., Bizhkenova A.</i> Evaluation as a Speech act of Communication	133-140
<i>Ilyassova N.</i> Syntagma – a Unit Combining Language and Cognitive Theory	141-150
<i>Kadeyeva M., Dmitryuk N., Narozhnaya V.</i> On Implicitness of Nominal Grammatical Categories	151-158
<i>Tuleubayeva S.</i> Linguophilosophy from al-Farabi to V. von Humboldt: Continuity of Tradition	159-166
<i>Utebalieva G. , Kaskabassova Kh.</i> Communicative Competence: As an Aspect in Studying the Process of a Foreign Language Acquisition	167-176
<i>Shingareva M., Narozhnaya V.</i> Peculiarities of Analyzing Christmas Messages as an Element of Political Discourse	177-184

Literature Review

<i>Kairzhanov A.</i> Shakarim. The quest for absolute good	185-189
--	---------

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Азкенова Ж., Уразаева К.</i> Дантовский архетип и апостасия в «Старосветских помещиках» Н. Гоголя	8-15
<i>Бейдильдаева Н., Негимов С.</i> Назидания Жетес бия	16-23
<i>Байтанасова К.</i> О некоторых проблемах теории текста	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Поэзия Галыма Жайлыбая в свете новых исследований ...	32-38
<i>Жапанова М., Нурманова Ж.</i> «Исповедальная проза» Асанали Ашимова: жанровое многообразие	39-46
<i>Калиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Становление творческой индивидуальности Герольда Бельгера	47-52
<i>Кожашев М.</i> Поэтическое искусство Жамбыла: становление и особенности.....	53-60
<i>Мажиева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Художественное изображение полигамного брака в казахских эпосах	61-66
<i>Найманбай А.</i> Реальность эпохи: преемственность правды и художественного решения	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Образ общества в современной казахской молодежной поэзии	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Об исследованиях сказительских школ (школ жырышы и жырау) ...	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мадиева Қ., Юсуп А.</i> Мусульманское просветительство в трудах Ы.Алтынсарина «Шариат-ул ислам»	87-92

Лингвистика и методика

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентные имена: влияние фольклора и его место в мировом культурном пространстве (на материале немецкого языка)	93-98
<i>Бижкенова А., Сабитова Л.</i> Научная деятельность структурных подразделений как одна из важных составляющих развития исследовательского вуза	99-107
<i>Досжан Г.</i> Интегративные подходы к изучению заимствованных слов	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> Культурно-маркированные единицы лексико-семантического поля «Еда»	119-124
<i>Жумагулова А., Сыздыкова Г.</i> Лингвоэкология и медиапространство	125-132
<i>Жумаханова А., Бижкенова А.</i> Оценка как речевой акт коммуникации	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – единица, связывающая теорию языка и познания	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Об имплицитности именных грамматических категорий	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Преемственность традиций в лингвофилософии: от аль-Фараби к В.фон Гумбольдту	159-166
<i>Утебалиева Г., Каскабасова Х.</i> Коммуникативная компетенция как аспект в изучении процесса усвоения неродного языка	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Особенности анализа рождественских поздравлений как элемента политического дискурса	177-184

Рецензия

<i>Каиржанов А.</i> Шакарим. Поиски абсолютного добра	185-189
---	---------

XFTAP 17.07.01.82

Шынар Саликжанова¹, Гүлнар Карипжанова²

¹Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²«Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ¹akbulak07@mail.ru, ²adon70@mail.ru)

Қазіргі қазақ жастар поэзиясындағы қоғам бейнесі

Аңдатпа. Ұлттық поэзия халықтың өзімен бірге қатар өмір сүріп жатқан тарихи-мәдени, әлеуметтік, рухани менталитеттің болмысын көрсететін жүйе болып табылады. Поэзия – халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінің, ой-сезімінің, елдігі мен ерлігінің, парасатының әрі куәсі, әрі дерек көзі. Айшықты кесте өрудің шеберлерінің поэзия немесе прозалық шығармаларын зерттеу арқылы қоғамымызды танимыз.

Түйін сөздер: әдебиет, көркем туынды, ғаламдық урбанизациялық үдеріс, поэзия, метафоралық эпитет, метафоралық тіркес, әлеуметтік мәселелер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-73-79>

Көркем туынды – қоғамның айнасы. Әрбір ақын-жазушы өзінің өскен ортасы, өмір сүрген дәуірінің жетістігіне шаттанса, кемшілігін күйіне сынайтыны белгілі. Ел өміріндегі маңызды оқиғалар, ел басына түскен трагедиялық жайлар ақындар қаламына ілінбей қалмайды десе де болады. Әр ақын өзі өмір сүрген кезеңінің келбетін жырлап, елеулі жайттарды суреттеп отырған. Мысалы, Абай өлеңдерінде заман көрінісі төмендегідей сипатталады:

Орыс сияз қылдырса,
Болыс елін қармайды...
Ояз келсе қайтер ең,
Айдаһардай ысқырып...
Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға...

Ал Шәкәрім шығармаларында дәуір тынысы былай бейнеленеді:

Бұл елдің көргені - өтірік ант,
Қазаққа алдау деген болды ғой салт...
Патшалар сансыз шығын қылады,
Дайындап соғыс үшін ғаскерін...
Жебір ұлық халқына қас қылады,
Көңілін шерлі, көзіндерін жас қылады...

Ақын өлеңдерінде заман көрінісі, ащы шындық айқын берілген. Ел арасындағы болыстардың мансапқорлығы, халықты аяусыз шен үшін қанауы, ұлықтардың жебірлігі соның әсерінен халықтың жүдеу тұрмысы, шерлі болуы айтылады.

Бүгінгі таңда қазақ жастар поэзиясынан да қоғам келбеті айқын көрініс тапқан. Саят Қамшыгердің «Адамдар бар өрге ұмтылып, бақты алған» өлеңінде:

Адамдар бар өрге ұмтылып, бақты алған,
Ал, біреулер өмір – күнге қақталған.
Аз ба жандар бұл өмірде жаншылып,
Тағдырлары жапырақтай тапталған?!
Бұл қоғамда қаптап кетті азғындар
Бет түзейтін бағыттары белгісіз... , [1, 21 б.] - деп күйінеді ақын.

Қазіргі қоғамымыздағы әлеуметтік жаңдайы төмен топтардың бар екенін, олардың «өмір-күнге қақталған», «жапырақтай тапталған» деген метафора, теңеу арқылы тұрмысы ауыр халықты сипаттаған.

Өмірден өз орнын таппағандарды құмға сіңіп кетіп жатқан бұлақтарға ұқсатады. Өмірді – өзенге, тағдырларды бұлаққа балау арқылы айтар ойының әсерін жоғарлатқан. Өмірдегі ащы шындық қазіргі поэзияда өткір тілмен сыналған. Ғаламдық урбанизациялық үдеріске байланысты қазақ халқының қалаға шоғырлануының нәтижесінде халық психологиясы, менталитеті, мінез-құлқы, әлемді танып-түйсінуді өзгеріске ұшырады.

Осы себепті қазақ поэзиясында қала мен дала образы түрліше интерпретациялана бастады, тіпті көп жағдайда қарама-қарсы қойыла бастады, яғни көркем мәтіннің вербалды қабатындағы осы образдардың контраст мәнді тілдік құралдармен берілуі жиі байқала бастады. Қазақ халқына тән қонақжайлылық, дархандық, кеңпейілділіктің азаюы, қаталдық, екіжүзділік, қайырымсыздықтың орын алуы поэзия тілінен орын алды.

Ақын Саяттың «Ерлер қайда көкпар тартып сайысқан?» өлеңінде қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қиындықтарды сынай отырып,

Ерлер қайда көкпар тартып сайысқан?

Бұл заманың оларды көп жанышқан

Білегі емес, санасына ауыр жүк,

Қатты батып қабырғасы қайысқан...-деп қынжылады. - Азаматқа тән қасиет – ірілік, // Ал әйтпесе ел азады бүлініп. // Осы бетпен кете берсек не айтам, // Келсе бір күн бабаларым тіріліп?! [1, 9 б.]

Қазіргі кезде ақын жазғандай, күйбің тіршіліктен аса алмай жүрген ер адамдардың көп екендігі ащы шындық. Көкпар тартып сайысатын ерлеріміздің мына нарық заманында өмір көкпарына тартылып кетіп жүргендері де баршылық. Бүгінгі таңдағы кесапаттың бірі ішкілікке салыну, оған да ақындар соқпай өте алмасы анық. Мысалы ақын Саяттың «Өмір» өлеңінде ішкілік мәселесі сөз болады:

Осы күнде сезімталдар азайып,

Қаптап барат тас жүрек пен тас бауыр...

Бұрындары ізгі еді бар әпкем,

Енді міне, шашы қысқа, балақ кең.

Тұлпарымен сырласушы ед батырлар,

Қазір көбі сырласып жүр арақпен [1, 30 б.]

Ақынның «Көп жандарың сырласады арақпен» өлеңі қазіргі қоғамдағы ішкілік мәселесі көтерілген:

Ішкен басты соғар тасқа, жарға да,

Одан сақтар жігер,

Таза ар ғана.

Ішкендері үнемі егер у болса,

Қырандар да тез айналар қарғаға! [1, 16 б.]

Жалпы ішкілік – кеңес дәуірінен қалған кеселдердің бірі. Ақын қоғамымызды бұндай дерттен тек имандылық қана құтқара алатындығын айтады. Енді бір қоғам кеселі ақынның «Арулар жүр» өлеңінде сыналады. Қазіргі намыссыз қазақ қыздарының жүріс-тұрысын сөз етеді, «Тоғжандарым кешегі жоқ жан болған қарашы...// «Шылым шегіп, қазір де масаң жүрген арулар – Ертең туар бейкүнә кемтарлардың анасы»,- деп киналады. Қазақтың әйел-қыздарының осындай күйге ұшырағаны елдігімізге сын, болашағымызды күңгірт қылады. Олардың ертең қандай ұрпаққа ана болары белгісіз.

Анығында көркем әдебиет қоршаған ортаның шыңдығын бейнелеп қана қоймайды. Ол адам табиғатын, қоғамның болмысын өзгертуге, жақсартуға ат салысады. Көркемдік сана айналадағы өзгерістерді де бағдарлап, бейнелеп отырмақ. Оның қайшылықтарын,

шешімін таппаған түйіндерін, келешегін барлайтын да, халыққа түсіндіретін де көркем сана. Аталған қасиеттерді бойына сіңірген көркем ой туындылары ғана классикалық сапаға көтеріледі.

Дәурен Берікқажыұлының «Бәрі де ашкөз» өлеңі тәуелсіздік алғаннан соңғы қоғам келбетін суреттейді:

Бәрі де ашкөз
ауру да, ажал да,
Ашкөз тірлік,
ашкөз ұрлық базарда...
Қалбалақтап,
таба алмаған сор емін –
Қайда барсам
аран ғана көремін.
Көремін де
Көңілімді көр етіп,
Өлеңімді кебін етіп өлемін.
Ашкөз кеңсе,
ашкөз түрме
Ашкөз заңгер

Ашкөз діндар [2, 72 б.]. Ақын «ашкөз» метафоралық эпитетін қайталай отырып, қоғамдағы жемқорлық, паракорлықты әсерлейді. Сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталанып келуі кездейсоқ құбылыс емес. Олар неше рет қайталанып келсе де, тиісті стилистикалық қызмет атқарады. Осындай қайталаудағы сөздердің әрқайсысының стилистикалық «жүгінің салмағы бірдей болып келе бермейді: әрқайсысының өзінің өзіндік ерекшеліктері танылып тұрады. Ақын түрмеге қылмыскерлердің көп түсіп жатқандығын да «ашкөз» эпитеті арқылы жеткізеді. Ақын «өлең» дерексіз ұғымын кебінге айналдырып, дерексіз ұғымды заттандыру тәсілін қолданады. «Кебін» сөзі Мағжанда поэтикалық құрал ретінде көп қолданылған білеміз. Лирикалық қаһарман күйзелісі, постмодернизм белгісі бар. Постмодернизм бағытында лирикалық кейіпкер қоғамнан түңіліп, сырт қалады. Өзін жалғыз сезінеді.

Жастар поэзиясындағы әлеуметтік тақырыптардың бірі – баспана. Бұл тақырып қоғамдағы ең өзекті мәселе болып табылады. Ықылас Ожайұлы өлеңдері де қоғамды шынайы суреттейтін ойлы өлеңдерімен назар аудартады. «Досқа сыр» өлеңінде жоғарыдағы ақындар көтерген баспана мәселесі сөз болады:

Қара өлең – қабырғам кеңестім,
Ойласам, бес күндік елеспін.
Алланың құлы едім, ол рас,
Ақшаға құл болған емеспін [3, 44 б.].

Лирикалық кейіпкер басындағы мұң – үйсіздігі, біреудің қабағына кіріптар боп үй жалдайтындығы. Мына өмірдің өткіншілігін «бес күндік елеспін» деген сөздермен берген. Қазақта «қамшының сабындай қысқа ғұмыр», «бес күндік жалған» деген тіркестер бұрыннан бар. Автор «жалған» сөзіне тіркесетін «бес күндік» деген сөзге «елеспін» деген сөзді тіркестірген. «Бес күнмен қоштасты» деген тіркес – «өмірден озды» деген мағынаны білдірген. «Теңгеге түтілген өңдер» – тіршілік қамытын мойнына іліп, зорығып жүрген адамдар. «Қаншама обал мен үміттер, үкімет үйінде жерленген» деген жолдар мына қысқа өмірлерінде бастарында баспанасы болмай, үкіметтің жалдамалы пәтерлерінде өмірден өтетін тағдырларды көрсетеді. Ақынның «Ашу» өлеңінде:

Шіркін, ана зәулім үйдің ғажабы-ай,
Онда тұрған адамдарға бақ қонған,

«Таз үкімет» біз сияқты сорлылар
Тамсансын деп сап қойған.
Бәріміздің басымызда үй болса,
Қаншық қоғам қалмас еді қансырап.
Сол үйлерге қарай-қарай көз талды,
Көз жасымыз кірпішінен тамшылап.
Айтпақшы, оның иелері ит баққан,
Е, тоқшылық, көсегеңіз көгерсін!
Жалған дүние, саған жамбас сыймады,
Иә, әрине, жоқшылыққа не дерсің.
Өтінемін, «қал қалай» деп сұрама,
Біздікі сол, жоқшылықтың әлегі.
Маңдайыма шимайланған ит тірлік,
Иттікінен сәл, әйтеуір әдемі.
Біреулерге ойын болды-ау ғұмыр-күн
Маңдайымның сор шылқынан азабы-ай.
О, Баспана, арман болдың сен бізге,
Шіркін, ана зәулім үйдің ғажабы-ай [3, 50 б.].

«Сол үйлерге қарай-қарай көз талды, көз жасымыз кірпішінен тамшылап» деген жолдан образдылық, ақындық шеберлік, қиял байлығын көреміз. Поэзиядағы шарттылық үлгісі. Биік үй мен баспанасыздардың көз жасы бір-біріне қарама-қарсы суреттелген.

«Маңдайыма шимайланған ит тірлік, иттікінен сәл, әйтеуір әдемі» деген жолдар да тұрмыс таукіметін тартып жүрген адамдардың жанкештілігін аңғартады. «Таз үкімет» деген тіркес билік туралы жағымсыз ой тудырады.

Ақынның «Дүние» өлеңінде:

Дүние!
Иленудемін иіңе,
Төсекжады ұлдан қайыр жоқ,
Тұтқана болмақ кім ие?
Көк теңге!
Тірлігім!
Тірліктен тәнім үрکیدі
Кеудемде нелер кілکیدі.
Кеденсіз кеңірдектерден
Кедейдің иісі мұңкиді [3, 43 б.].

«Дүниенің иіне илену», «Кеденсіз кеңірдектер» – жемқорлар, паракорлар, қоғам мүлкін жұтып жатқандар. Осы кеңірдектерден (көремдегіш құрал ретінде – синекдоха) кедейдің иісі мұңкуі – халыққа тиесілі дүниені жемқорлардың жеп қойғандығы. «Төсекжады ұл» – әрекет етпей, жалқауланып жата беретін жігіттер. Қазіргі кезде көпшіліктің жаппай дүние қызығына беріліп кеткендігін қынжылып айтады.

«Кешіргей бізді, бабалар» өлеңінде қазіргі уақыттағы қазақ елінде кездесетін әлеуметтік проблемаларға тоқталады. Ақынның бұл өлеңін XIX ғасырдағы зар заман ақындарының жалғасы деуге болады. «Қазақ деп қызар қанымның, инеге бағынғанын-ай» - қазіргі кездегі қоғамдағы ауыр дерттің бірі нашақорлықты жай ғана айта салмайды, өкінішпен құсаланып айтады. «Қан» сөзі қазақта тура, ауыспалы мағынасында әр түрлі мәнге ие бола алады. «Қанына тарту», «қаны бұзылған», «қаны қарайған», «қаны басына шапшыды» деген секілді тіркестер бар. Бұл өлеңдегі «қан» сөзі екі мағынада да қолданылған. Қазақтың қаны және сананың мәңгүрттеніп, нашақорлыққа тәуелді болуы. Бір тармаққа көп ой сыйғызған. «Асаудан асып құламай, құсыққа құлағанымды-ай» – қазақ арасында маскүнемдікке са-

лынудың жойылмай тұрғаны. «Ауырып өлмей ажалдан, арқанға асылғанымды-ай» – қазіргі кезде қоғамымызда өзіне қол жұмсаудың белең алып тұрғандығы айтылады. «Жұртым деп соғар жүректің, құлқын деп дүрсілдеуін-ай» – кейбір ел билеушілердің жемқорлық, паракорлығы, оларда отансүйгіштік сезімнің жоқтығы.

«Көрініс» өлеңінде қоғамымыздағы отбасылық қарым-қатынастың да өзгергенін тілге тиек етеді. Ақын қазақ отбасындағы бұрынғы әке-шешеге құрмет, ибалы келін, мейірімді ұлдардың азайып бара жатқанына, жоғарыдағыдай қазақ діліне жат көріністердің белең алып бара жатқанына қынжылады. «Отан отбасынан басталады» деген қағиданы еске алатын болсақ, отбасындағы тәрбиеміз осындай болса, елдігімізге сын болмақ, ұлттық құндылықтарымыздың жоғала бастағанының айғағы. «Құса» өлеңінде де әлеуметтік мәселелер терең ой, бедерлі тілмен жеткізілген:

Лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі дерт, мұң бейнелі сөздермен өрілген. Ақын мына өмірді «тұл тірлік» деп атайды. «Қоңыр кештен қою-қою ой ұрттап» тармағында «ой» дерексіз ұғымын заттандырған. Кейіпкер қою шай орнына қою ой ұрттайды. Кейіпкердің қалың ойға берілгендігін «қою» деген сөзден аңғарамыз. Абай өлеңінде ойға батып, жабығуды «Сол қасқырша алақтап түк таппадым, көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?» деп суреттеген еді. «Қобыз мұң» дегендегі «қобыз» – метафоралық эпитет. Қобызбен көбіне мұңды күй тартылады. Ақынның «қобыз» сөзін алып отырғаны сондықтан. «Қобыз мұңның қыл ішегінің дір етуі» метафоралық тіркесімен адам жан дүниесіндегі сезім иірімдерін, жүрек тебіреністерін сипаттаған. «Күрсіністің күлбілтесі» метафоралық тіркесіндегі «күлбілте» – жасырын іс-әрекет. «Қарыны тоқ құмайлар» дегенде жемқорлық, паракорлықпен қарнын тойғызып жүрген құлқынқұмарларды көрсеткен. «Ожданымды отқа жағып ойсыздар» тармағында «ождан» дерексіз ұғымы отын секілді отқа жанғандай заттандырылып суреттелген. Қазіргі кезде ұят боп есептелетін нәрселердің ұят болмай қалғандығын меңзейді. «Обалдан ойыншық жасау» тармағында да «обал» дерексіз ұғымын ойыншық секілді заттық сипатқа енгізу арқылы айтайын деген ойын оқырман санасына қонымды жеткізген. «Күлдір-күлдір күңірендім» деген тіркестегі «күлдір-күлдір» сөзі жыраулық поэзияда «күлдір-күлдір кісінетіп, күреңді мінер күн қайда» деген түрде қолданылатын. «Күлдір» сөзі «күңірендім» сөзімен дыбыстық жағынан ұйқасып та тұр. «Күн тұтылып ішімде» – шарттылық. Кейіпкерің болашаққа деген сенімінің жоғалуы, жарқын ойдың болмауы, пессимизмге салынуы бейнеленген. «Талқан болған тағдырлар-ай, қайтейін, тіршіліктің тісінде» деген соңғы екі жол өлеңнің түйіні секілді жүк көтеріп тұр. «Тіршіліктің тісі» метафоралық тіркесі қазіргі нарықтық заманды дәл сипаттаған.

Шырын Толқынованың «Адам ары бүгінде» өлеңінде де бүгінгі қоғамымыздағы әр түрлі әлеуметтік мәселелер тілге тиек болған:

Адам ары бүгінде
Пұл болыпты деседі,
Өз елінде бұл қазақ құл болыпты деседі
Қасірет, ә?
Қасірет !
Іштен шыққан баласын,
Сатып жатыр деседі.
Данышпанын, данасын
Атып жатыр деседі.
Қасірет, ә?
Қасірет !
Әкесінен қызында
Бала бопты деседі.
Он жасағы қыз бала

Ана бопты деседі.
Қасірет, ә?
Қасірет !
Бір отбасы бір күнде,
Жоқ болыпты деседі.
Тағдырының нүктесі –
Оқ болыпты деседі
Қасірет, ә?
Қасірет !
Е, Құдайым, біздерге,
Иманыңді нәсіп ет [4, 20 б.].

